

## **Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шартты ратификациялау туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 5 мамырдағы № 285-VIII ҚРЗ

2024 жылғы 22 тамызда Душанбеде жасалған Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық қатынастар туралы шарт ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

*Қ. ТОҚАЕВ*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРАСЫНДАҒЫ ОДАҚТАСТЫҚ ҚАТЫНАСТАР ТУРАЛЫ ШАРТ**

Бұдан әрі Жоғары Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы

1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы қатынастардың негіздері туралы шарттың және 2015 жылғы 14 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы стратегиялық әріптестік туралы шарттың Қазақстан-Тәжікстан қатынастарындағы маңыздылығын растай отырып,

достықты кеңейтудің және көпжоспарлы ынтымақтастықты тереңдетудің жаңа кезеңін белгілейтін 2023 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияны жоғары бағалай отырып,

достықтың, өзара қолдаудың және өзара сыйластықтың мызғымас қағидаттарына негізделген екі ел халықтарының ғасырлар бойғы тарихи, рухани және мәдени қауымдастығына сүйене отырып,

Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының, Хельсинки қорытынды актісінің және Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның басқа да негізгі құжаттарының мақсаттары мен қағидаттарын, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларын, сондай-ақ адам құқықтары саласындағы халықаралық стандарттарды ұстанатынын растай отырып,

мемлекетаралық ынтымақтастықтың қол жеткізілген жоғары деңгейін атап өтіп,

Жоғары Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысының ұлттық заңнамасының ережелерін негізге ала отырып,

саяси, экономикалық, су-энергетикалық, транзиттік-көліктік, инвестициялық, ғылыми-техникалық, туристік, ақпараттық, мәдени және гуманитарлық салалардағы екіжақты өзара іс-қимылды одан әрі кешенді түрде дамытуды қуаттай отырып,

өзара тиімділік, сенім, келісім және тең құқықтық негізінде екіжақты көпжоспарлы ынтымақтастықты кеңейтуге ұмтыла отырып,

өңірлік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселесінде өзара іс-қимылды, сондай-ақ терроризмнің, экстремизмнің, ұйымдасқан қылмыскерліктің, есірткі бизнесінің, заңсыз көші-қонның кез келген көріністеріне және ұлттық қауіпсіздіктің басқа да сын-қатерлеріне бірлесіп қарсы тұру қажеттігін негізге ала отырып,

екіжақты өзара іс-қимылды екі бауырлас мемлекеттің өмірлік және ұзақ мерзімді ұлттық мүдделеріне сай келетін, сондай-ақ Орталық Азиядағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының біріне айналдыратын одақтастық қатынастар деңгейіне көтеруге ұмтыла отырып,

екі елдің цифрлық өзара іс-қимылын одан әрі нығайту мақсатында экономика салаларын технологиялық және өнеркәсіптік дамыту факторы ретіндегі IT-саласының маңыздылығын тани отырып,

одақтастық қатынастарды орнату екі мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық прогресі мүддесінде күш біріктіруге мүмкіндік беретініне сенімді бола отырып,

Жоғары Уағдаласушы Тараптар арасында қол жеткізілген уағдаластықтардың уақтылы және толық іске асырылуын қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы уағдаласты:

### **1-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар саяси, экономикалық, әлеуметтік, ғылыми, технологиялық, ақпараттық, мәдени және гуманитарлық салалардағы алуан түрлі және көпқырлы өзара іс-қимылдың нысандары мен тетіктерін одан әрі жетілдіру мақсатында одақтастық қатынастар негізінде екіжақты ынтымақтастықты дамытады.

### **2-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар арасындағы одақтастық қатынастар тәуелсіздікті, мемлекеттік егемендікті, аумақтық тұтастықты нығайту, сондай-ақ өзара міндеттемелерді адал орындау мақсатында өзара қолдау, мүдделер мен тең құқықтықты есепке алу қағидаттарына негізделеді.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар екі мемлекеттің стратегиялық әріптестігі мен өзара одақтастық іс-қимылына нұқсан келтіретін кез келген әрекеттерден бас тартады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар қандай да бір блоктар мен одақтарға қатыспау міндеттемелерін растайды, сондай-ақ екінші Жоғары Уағдаласушы Тарапқа қарсы бағытталған қандай да бір әрекеттерге қатысудан бас тартады.

### **3-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі саясатты жүргізеді және халықаралық терроризмге, экстремизмге, есірткі құралдары мен психотроптық заттардың заңсыз айналымына, трансұлттық ұйымдасқан қылмыскерлікке, қарудың заңсыз саудасына, киберқылмыскерлікке және екіжақты, сондай-ақ көпжақты деңгейлерде халықаралық және өңірлік қауіпсіздіктің басқа да сын-тегеуріндері мен қауіп-қатерлеріне қарсы күресте өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Орталық Азиядағы сын-тегеуріндер мен қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара іс-қимылды нығайтады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымының жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық күш-жігеріне жәрдемдесу мақсатында 2006 жылғы 8 қыркүйектегі Орталық Азиядағы Ядролық қарудан азат аймақ туралы шарт шеңберінде белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

#### **4-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар парламентаралық достық топтарының қызметін жандандыру және парламентаралық ұйымдар желісі бойынша бірлескен жұмысты күшейту арқылы парламентаралық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды қолдайды.

#### **5-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында әскери және әскери-техникалық салалардағы, оның ішінде жедел және жауынгерлік даярлықтың бірлескен іс-шараларын өткізу, сондай-ақ кадрлар мен мамандардың әлеуетін арттыру мәселелері бойынша байланыстарды нығайтады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптардың бірінің пікірі бойынша үшінші мемлекеттер тарапынан қарулы шабуыл жасау қаупін төндіретін жағдай туындағанда, Жоғары Уағдаласушы Тараптар оның бейбіт жолмен реттелуіне ықпал ететін және бір-біріне әскери көмек көрсету мүмкіндігін қарастыратын шараларды қабылдау мақсатында екі жақты негізде де, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық ұйымдар шеңберінде де бір-бірімен дереу тиісті консультациялар өткізеді.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес азаматтық қорғаныс, төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою саласындағы қызметті үйлестіруді жүзеге асырады.

#### **6-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар тауар айналымы номенклатурасын әртараптандыру арқылы екіжақты қатынастардың негіз құрайтын базасы және орнықтылық факторы ретінде өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастықты тереңдету үшін жағдайлар

жасайды және бұл үшін өздерінің ұлттық заңнамаларына және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардың талаптарына сәйкес қажетті қолайлы жағдайлар жасайды.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссия мен Қазақстан-Тәжікстан іскерлік кеңесі шеңберінде белсенді өзара іс-қимыл жасайды.

## **7-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар инвестицияларды ынталандыруды және өзара қорғауды, сондай-ақ екі елдің азаматтары, кәсіпорындары және экономикалық ынтымақтастықтың басқа да субъектілері арасындағы тікелей байланыстарды дамытуды қоса алғанда, кәсіпкерлік және өзге де шаруашылық қызмет үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Жоғары Уағдаласушы Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасына сәйкес экономиканың әртүрлі секторларында бірлескен кәсіпорындар құру арқылы экономикалық кооперацияны тереңдету үшін қолайлы жағдайлар жасайды, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік, логистика, энергетика, фармацевтика, ауыл шаруашылығы, құрылыс салалары сияқты салаларда өзара тиімді негізде кооперацияны дамытуға ықпал етеді.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Жоғары Уағдаласушы Тараптардың қолданыстағы ұлттық заңнамасына сәйкес өз аумақтарында бірлескен кәсіпорындардың жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

## **8-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар халықтың денсаулығын қорғауды нығайту, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті күшейту, инфекциялық және инфекциялық емес ауруларға қарсы іс-қимыл, жоғары технологиялық көмек көрсету мақсатында денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты дамытады.

## **9-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыру, халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізатпен қамтамасыз етуді жақсарту, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау және қорғау саласындағы ынтымақтастықты жүзеге асырады, сондай-ақ өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімінің тауар айналымын, Жоғары Уағдаласушы Тараптардың бірінің аумағынан шығатын транзиттік тасымалдарды ұлғайту үшін қолайлы жағдай жасау бойынша күш-жігер жұмсайды.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар ауыл шаруашылығы және жеміс- көкөніс өнімін одан әрі экспорттау және импорттау мақсатында оларды өндіру, қайта өңдеу және сақтау жөніндегі бірлескен кәсіпорындар құру арқылы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ынтымақтастықты жандандырады.

#### **10-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар екіжақты экономикалық іс-шараларды, оның ішінде бизнес- және инвестициялық форумдарды өткізу мақсатында өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

#### **11-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар көлік және коммуникация саласында, оның ішінде ақпараттық көлік жүйелері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту саласында өзара тиімді ынтымақтастықты дамытады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар екіжақты негізде және үшінші елдерге транзиттік мультимодальды және интермодальды тасымалдау, олардың аумақтары арқылы өтетін халықаралық көлік дәліздерінің қауіпсіздігін және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдай жасайды.

#### **12-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар бірлескен бағдарламаларды іске асыру, перспективалы жобаларды құру және озық технологияларды енгізу арқылы цифрландыру және инновациялар саласындағы өзара тиімді ынтымақтастықты нығайтады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өңірлік кооперациялар шеңберінде цифрлық экожүйені құруға ықпал етеді, сондай-ақ екі мемлекеттің экономика секторларын цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылды кеңейтеді.

#### **13-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар ғарыш кеңістігін бейбіт жолмен игеру саласындағы , оның ішінде бірлескен жобаларды, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді іске асыру және ілгерілету арқылы ынтымақтастықты жолға қояды және дамытады.

#### **14-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар мұнай-газ және химия кешендері, машина жасау, тау-кен, атом өнеркәсібі кәсіпорындары арасындағы тығыз кооперацияны дамытуды қолдайды.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар энергетика саласында, оның ішінде электр энергетикасы және жаңартылатын энергия көздері саласында өзара тиімді және ұзақ мерзімді ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді.

#### **15-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдетуге жан-жақты ықпал етеді, оның ішінде шығармашылық одақтар арасындағы байланыстарды кеңейтуге жәрдемдеседі.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Қазақстан Республикасы мен Тәжікстан Республикасы халықтарының этностық және тілдік ерекшелігін сақтауға ықпал етеді, сондай-ақ Тәжікстан Республикасының аумағында тұратын этностық қазақтар мен Қазақстан Республикасының аумағында тұратын этностық тәжіктер үшін олардың ана тілін, ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сақтау және дамыту тұрғысынан қолайлы жағдай жасайды.

#### **16-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар қауіпсіз, реттелген және заңды еңбек көші-қоны саласындағы қатынастарды дамытуға ұмтылады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өздерінің халықаралық міндеттемелері мен ұлттық заңнамасына сәйкес адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесу ісінде ынтымақтасады.

#### **17-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар білім беру ұйымдары мен ғылыми-зерттеу орталықтары арасындағы тікелей байланыстарды көтермелей отырып, жоғары білім беру және ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастықты дамытады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар кадрлар даярлау, студенттермен және ғалымдармен алмасу үшін өзара іс-қимыл және қолайлы жағдай жасайды.

#### **18-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар тиісті консультациялар жүргізе отырып, негізгі халықаралық проблемалар мен өзара қызығушылық тудыратын мәселелер бойынша ұстанымдарды айқындау кезінде өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

#### **19-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия өңіріндегі бейбітшілік пен келісім атмосферасын нығайту ісінде өңірлік жақындасудағы өзара мүдделері мен идеяларын ілгерілетте отырып, өзара тығыз іс-қимыл жасайды.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерін жалпы өңірлік сипаттағы мәселелерді кешенді талқылау және сындарлы шешу үшін басым тетік ретінде қарастырады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өңірдегі барлық елдің мүдделерін қатаң түрде құрметтеу жағдайында осы алаңды дамыту мақсатында Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесулерінің форматын институционалдық дамытуда өзара іс-қимыл жасайды.

## **20-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар өңірдегі барлық елдің мүдделерін ескере отырып, Орталық Азияның мемлекетаралық көздерінің су ресурстарын ұтымды, әділ және өзара тиімді пайдалану және қорғау үшін ынтымақтастықты дамытады.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Орталық Азия елдерінің өзара тиімді ынтымақтастығын қамтамасыз ету үшін маңызды өңірлік институт болып табылатын Халықаралық Аралды құтқару қоры шеңберіндегі ынтымақтастықты жалғастырады, Арал теңізі бассейніндегі су ресурстары, энергетика, экология және әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы өңір елдерінің өзара іс-қимылын тереңдету үшін оның ұйымдық құрылымы мен шарттық-құқықтық базасын жетілдіру қажеттігін атап көрсетеді.

Жоғары Уағдаласушы Тараптар су-энергетикалық мәселелерді шешуге жәрдемдесу және Орталық Азия өңірі өзендерінің бассейндерінде климаттық орнықтылыққа қол жеткізу үшін жұмыс істеп тұрған және салынып жатқан гидроэнергетикалық объектілердің маңыздылығын атап өтеді.

## **21-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Ислам ынтымақтастығы ұйымы, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы, Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы және басқа да халықаралық және өңірлік ұйымдар мен форумдар шеңберінде өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға екі жақтан да ұмтылыс бар екенін атап көрсетеді.

## **22-бап**

Осы Шарт үшінші мемлекеттерге қарсы бағытталмаған және Жоғары Уағдаласушы Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа екіжақты және көпжақты халықаралық шарттардан туындайтын қандай да бір құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

## **23-бап**

Осы Шартқа Жоғары Уағдаласушы Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын және жекелеген хаттамалармен ресімделетін толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **24-бап**

Жоғары Уағдаласушы Тараптар осы Шартты іске асыру кезінде туындауы мүмкін келіспеушіліктерді келіссөздер мен консультациялар арқылы шешетін болады.

## **25-бап**

Осы Шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 102-бабына сәйкес Біріккен Ұлттар Ұйымының Хатшылығында тіркелетін болады.

## **26-бап**

Осы Шарт ратификациялауға жатады.

Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және Жоғары Уағдаласушы Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Шарт бір Жоғары Уағдаласушы Тарап екінші Жоғары Уағдаласушы Тараптың осы Шарттың қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң өз қолданысын тоқтатады.

2024 жылғы 22 тамызда Душанбе қаласында әрқайсысы қазақ, тәжік және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Шарттың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Жоғары Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасы үшін*

*Тәжікстан Республикасы үшін*